

## Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған Аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы

Маңғыстау облысы мәліхатының 2002 жылғы 20 желтоқсандағы N 23/238 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 қаңтарда N 1320 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру шараларының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 қаулысына сәйкес облыстық мәслихат ш е ш і м е т т і :

1. Маңғыстау облысының 2003-2005 жылдарға арналған Аграрлық азық-түлік бағдарламасы б е к і т і л с і н .

2. Облыстың, қалалар мен аудандардың әкімдеріне осы Аграрлық бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде тиісті шаралар алу ұсынылсын.

3. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Облыстық*

*мәслихат хатшысы*

*РҚАО-ның ескертуі: бұл бағдарламаның қосымшасы жергілікті Республикалық құқықтық ақпарат орталығына келіп түспегендіктен базаға енгізілмей отыр.*